ҚОҒАМ

БАРЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБА БЕЛГІЛЕНГЕН МЕРЗІМДЕ АЯҚТАЛУЫ ТИІС

2-бетте

ҚҰҚЫҚ

АЛДЫН АЛУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ТЕТІГІ

3-бетте

АҚПАРАТ

САЛДАРЫМЕН КҮРЕСКЕННЕН, АЛДЫН АЛУ ӘЛДЕҚАЙДА ТИІМДІ

4-бетте

SALYQ TÁRTIBI

Газет 1994 жылғы наурыздан шығады

www.salyq-gazet.kz | РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | saltar61@mail.ru | №84 (1943) 22 шілде 2025 жыл

ПРЕЗИДЕНТ



БЕЛЬГИЯ КОРОЛІНЕ ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Король Филипті Бельгияның Ұлттық күнімен құттықтады.

Президенттің пікірінше, бұл айтулы күн Бельгия халқының ынтымақ-бірлігін, бай тарихын, егемендік пен демократия құндылықтарын берік ұстанатынын көрсетеді.

Мемлекет басшысы Король Филиптің қызметіне табыс, ал Бельгия халқына бақ-береке тіледі.

AKORDA.KZ.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАЛАРЫ ОРЫНДАЛУДА

ЖЕТІСУДА ИТАЛИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТ ФИЛИАЛЫНЫҢ КАМПУСЫ АШЫЛДЫ

Талдықорғандағы Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде Италияның Марке политехникалық университеті филиалының кампусы ресми түрде ашылды. Бұл іс-шараға облыс әкімі Бейбіт Исабаев, ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек және Италияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Антонелло Де Риу қатысты.

Марке политехникалық университетінің филиалы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елімізде жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу туралы тапсырмасының жемісі. Қазіргі таңда филиал «Агрономия» – «Ауылшаруашылығы ғылымдары технологиялары» қосдипломды білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша жұмыс жүргізуде.

Салтанатты іс-шарада сөз алған Бейбіт Өксікбайұлы облыс орталығында шетелдік жоғары оқу орны филиалының ашылуы жастар үшін зор мүмкіндік екенін айтты.

– Бұл өңіріміздің аграрлық секторын жаңа деңгейге көтеруге серпін беретін маңызды бастама. Жетісу – аграрлы аймақ болғандықтан, осы салаға жаңа инновациялар мен озық агротехнологияларды енгізетін мықты мамандар қажет. Сондықтан да аталмыш бағдарлама бойынша облыс әкімдігі бастапқы кезеңде 14 білім беру грантын бөліп отыр. Бірлескен жобамыз өңірдің кадрлық әлеуетін арттырып, екі ел арасындағы достық қарым-қатынасты одан әрі дамытуға үлкен үлес қосады деп сенемін, – деді Б.Исабаев.

Қазақстанда ең мықты шетелдік университеттер филиалдарын ашудың маңызына тоқталған Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек өңірлерде жылыжай шаруашылығы дамып келе жатқанын тілге тиек етті.

– Жылыжайлардың жоғары техникалық деңгейін қамтамасыз ететін, сандық платформаларын, жылыжайдың жалпы жұмысын жүргізетін мамандар керек. Сондықтан жуырда Талдықорғанға италиялық білімді де білікті профессорлар келген соң агрономия саласындағы бағдарламаны іске асырамыз. Алдағы уақытта магистратура, докторантура оқыту бағдарламасын іске қосу да жоспарда бар, – деді министр.

Италияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Антонелло Де Риу мырза да бұл бастама екі ел арасындағы білім-ғылым саласындағы байланыстарды нығайта түсетін маңызды қадам екенін жеткізді.

Университет ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор Ермек Бөрібаевтың айтуынша, Марке университетінің филиалында алдағы уақытта тағам инжинирингісі, туризм, экономика және цифрлық технологиялар бойынша білім беру бағдарламалары ашылатын болады. Қазіргі кезде университет қызметкерлері оқытушылық қызметке тартылып отыр. Шетелдік ғалымдар Sara Ruschioni «Agricultural entomology and zoology» (Ауылшаруашылығы энтомология және зоологиясы), Luca Mazzoni «Fruticulture» (Жеміс шаруашылығы) бойынша дәріс оқып, алғашқы практикалық сабақтарын жүргізуде.

Мұнда білім алып, оқуды сәтті аяқтаған студенттерге ауылшаруашылығы ғылымдары мен технологиялары саласындағы бакалавр дәрежесін тағайындайтын италиялық және ауылшаруашылығы саласындағы бакалавр дәрежесін тағайындайтын қазақстандық диплом беріледі. Сондай-ақ түлектер бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуге, халықаралық тәжірибе алмасу мүмкіндігіне ие болады.

Е. КЕНЕБАЙ.
Жетісу облысы.

ӨҢІРАРАЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК

ӘУЛИЕАТАЛЫҚТАР СЫР ӨҢІРІНІҢ ӘЛЕУЕТІМЕН ТАНЫСТЫ

Жамбыл облысының ресми делегациясы Сыр еліне іссапармен келді. Сапардың мақсаты – өңіраралық әріптестікті нығайту, тәжірибе алмасу және өзара тиімді байланыстар орнату.

Қонақтарды облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов қабылдады. Кездесуде тараптар әлеуметтік және экономикалық бағыттар бойынша пікір алмасып, бірлескен жобаларды жүзеге асыру мүмкіндіктерін талқылады.

Сапар аясында делегация өңірдегі ірі инфрақұрылымдық жобалармен танысты. Алдымен жаңғыртудан өткен қаланың орталық алаңын, қалалық демалыс саябағын аралап көрді. Әрі қарай «Қызылорда Саз М» ЖШС жаңа кірпіш зауытының жұмысымен танысты. Жақында ашылған өндіріс орнына мемлекеттік қолдау ретінде 7 гектар жер телімі берілген. Зауыттың басты ерекшелігі – толық автоматтандырылған өндіріс процесі және экологиялық тиімділігі. Мұнда көмір қолданылмайды, яғни ауаны ластамайды. Жылына 90 миллион дана кірпіш өндіруге қауқарлы кәсіпорын толық қуатымен жұмыс істеген кезде 70 адамды тұрақты жұмыспен қамтиды.

Делегация мүшелері жаңа жылуэлектр орталығының құрылысын, қайта жаңғыртудан өткен Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылы мен Сырдария өзенінің жағалауын аралап көрді. Бейбарыс сұлтан көшесінен Әбілқайыр хан көшесіне дейінгі аралықтағы 6,7 шақырым екі жолақты жол толық жаңартылып, төрт жолаққа кеңейтілген. Жол бойында балалар ойын алаңдары мен спорттық құрал-жабдықтар орнатылып, тұрғындарға жайлы орта қалыптастырылған.

Жамбылдық делегация Сырдария өзенінің сол жағалауындағы 11 мың орынды стадионды, физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернатын да көрді. Білім ордасы 400 оқушыға арналған, заманауи жаңа технологиялармен жабдықталған. Мұнда зертханалар, робототехника және «STEAM» кабинеттері бар, олар оқушыларға ғылыми және техникалық дағдыларды терең меңгеруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ физика, математика және информатика пәндері ағылшын тілінде оқытылады.

Қонақтарға жаңа автовокзал, тарихи-өлкетану музейі, «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы, «Анаға тағзым», «Қорқыт ата» әуежайы, Президент саябағы, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету, онкология, еңбек мобильділігі орталықтары, бірқатар емдеу мекемесінің жұмыс барысы да таныстырылды.

Сапар аясында екі өңірдің сала мамандары арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету, атаулы әлеуметтік көмек тағайындау, отбасы институтын нығайту және халықты жұмыспен қамту мәселелері бойынша кеңейтілген мәжіліс өткізді. Онда әлеуметтік қолдау жүйесін жетілдіру, осал топтарға көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру және еңбек нарығындағы тиімді тәжірибелерді бөлісу мәселелері талқыланды.

Кездесу қорытындысында тараптар алдағы уақытта да өзара тығыз байланыс орнатып, нәтижелі жұмыс жүргізуге ниетті екенін білдірді.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ЖАЗЫЛЫМ - 2025

ҚАДІРМЕНДІ ОҚЫРМАН!
Республикалық «SALYQ TÁRTIBI» газетіне 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда. Газетімізге кез келген Қазпошта бөлімшесі арқылы жазылуға болады.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН:
6 айға – 4 320,00 теңге
12 айға – 8 640,00 теңге

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН:
6 айға – 9 051,00 теңге
12 айға – 18 102,00 теңге

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ ҮШІН:
6 айға - 4 320,00 теңге.
12 айға - 8 640,00 теңге.
Жазылым индексі: 65604

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ ҮШІН:
6 айға – 4 620,00 теңге
12 айға - 9 240,00 теңге.
Жазылым индексі: 15604

Ел аумағындағы елеулі жаңалықтарды, өзекті мәселелерді тарқатып жазатын сүйікті басылымыңызға жазылуды ұмытпаңыз.

САЛЫҚ САЯСАТЫ

ЖАҢА ӨЗГЕРІСТЕР ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШАДЫ

Салық жүйесі бүкіл мемлекеттік құрылымның тірегі екендігі белгілі. Демек оның тиімділігін арттыру қажеттілігі туындап отыр. Сондықтан да жақында Мемлекет басшысы жаңа Салық кодексіне және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды.

Жаңа Салық кодексіне енгізілген өзгерістер кәсіпкерлік ортаны айтарлықтай жеңілдетеді деп санаймын. Салықтардың саны 20 пайызға қысқаруы шағын және орта бизнеске тыныс береді. Салық есептілігінің 30 пайызға азаюы кәсіпкерлердің әкімшілік ауыртпалығын төмендетеді. Қосылған құн салығының жаңа мөлшерлемесі — 16 пайыз, бұл экономикалық тепе-теңдікті сақтап, бюджет түсімдерін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, дәрі-дәрмек пен медициналық қызметтерге қосылған құн салығының төмендетілген мөлшерлемесі әлеуметтік маңызы бар салаларды қолдауға бағытталған. Бұл шара халықтың денсаулығын жақсартуға және дәрі-дәрмек бағасының тұрақтылығына оң әсер етеді. Орфандық ауруларды емдеу және кітап шығару секілді бағыттардың қосылған құн салығынан босатылуы да мәдениет пен ғылымды қолдаудың белгісі.

Ал, зейнетақы төлемдерінің жеке табыс салығынан босатылуы зейнеткерлердің қолындағы табысты көбейтеді. Көлік салығының төмендеуі мен мүгедектігі бар адамдарға арналған жеңілдіктер әлеуметтік әділеттілікті күшейтеді. Бірыңғай жер салығы мен төлемақылардың азаюы ауылшаруашылығын дамытуға жол ашады. Арнаулы салық режимдерінің жеңілдеуі өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін аса маңызды.

Жалпы алғанда, бұл реформалар салықтық тәртіпті жеңілдетіп, инвестиция мен тұтынуды ынталандырады.

А. КЕҢЕСОВ,
саяси ғылымдар кандидаты.
Ақтөбе облысы.

ҮКІМЕТ

БАРЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБА БЕЛГІЛЕНГЕН МЕРЗІМДЕ АЯҚТАЛУЫ ТИІС

Премьер-Министр Олжас Бектенов Ұлытау облысына жұмыс сапары аясында Президенттің энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту жөніндегі тапсырмаларының орындалу барысын тексерді.

Жезқазған ЖЭО алаңында Олжас Бектенов алдағы 2025-2026 жылдардағы жылыту маусымын ескере отырып, стансаны жөндеу жөніндегі жобаның жүзеге асырылу барысымен танысты. Президенттің жылу көздерін жаңғырту жөніндегі тапсырмаларын іске асыру шеңберінде Жезқазған ЖЭО 2024 жылы «қызыл аймақтан» шығарылған болатын. Онда 2023-2024 жылдары қазандық пен турбиналық цехтарды күрделі жөндеу нәтижесінде жабдықтардың тозуы төмендетілді. Белгіленген қуаты 252 МВт және жылу қуаты 564 Гкал/сағат болатын электр стансасы қазіргі уақытта 175 МВт электр энергиясы мен 363 Гкал/сағат жылу беріп тұр. Өнеркәсіп кәсіпорындары да, тұрғындар да электрмен және жылумен қамтылған.

«Қазақмыс Энерджис» ЖШС бас директоры Темірлан Өтегенов техникалық тозуды азайту үшін негізгі жабдықтарға, оның ішінде екі қазандық пен екі турбинаға күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізілгенін хабарлады. Қазіргі уақытта №7 қазандық пен №7 турбинада жұмыстар жалғасуда. Жөндеу жұмыстары, соның ішінде, тарифтердің кезең-кезеңімен өсуінің арқасында да жүргізіліп жатқаны атап өтілді.

«Мемлекет басшысының тапсырмасын жүзеге асыру аясында біз Жезқазған ЖЭО-да ауқымды жаңғырту жұмыстарын жүзеге асырып жатырмыз. «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасын жүзеге асыру аясында жа жұмыстар атқарылуда. Бүгінгі таңда тарифтер өзін-өзі ақтап отыр, стансамыздағы бірде-бір учаскеде шығынға батыратын тарифтер жоқ, биыл қызметкерлердің жалақысы 10-15 пайызға өсті. Біз Жезқазған учаскесінде кадр тұрақсыздығын азайту мақсатында жас отбасылар үшін тұрғын үй салмақпыз. 2026 жылы 80 пәтерлі тұрғын үй құрылысын бастауды жоспарлап отырмыз», - деді Темірлан Өтегенов.

Премьер-Министр тұрақты энергиямен қамтамасыз ету мәселелерінде жүйелі жұмыс жүргізудің маңыздылығын атап өтті. Электр тұтыну қажеттілігін жабу және энергия жүйесінің маневрлігін арттыру үшін ЖЭО аумағында қуаты 75 МВт болатын бу-газ қондырғысының құрылысы басталды. Жоба аясында 80 жаңа жұмыс орны ашылады.

Жұмыс сапары барысында Олжас Бектенов Жезқазғанның шаруашылық және ауызсу тазарту нысандарын жаңғырту барысымен де танысты. Қала әкімі Қайрат Шайжанов қазіргі уақытта өнімділігі тәулігіне 66 мың текше метр болатын кері осмосты мембраналық технологияны енгізу көзделген екінші кезең аяқталып жатқанын баяндады. Жобаның жалпы дайындығы 47 пайызды құрайды, құрылыс 2026 жылдың соңында аяқталады деп күтілуде. Оны жүзеге асыру Жезқазғанды тұрақты және сапалы сумен қамтамасыз етуге, сондай-ақ тазарту нысандарының тозуын 90 пайыздан 37 пайызға дейін төмендетуге мүмкіндік береді. Жалпы өңірді сумен жабдықтау жерүсті және жерасты су көздері – «Кеңгір» су қоймасы мен «Үйтас-Айдос» кен орны есебінен жүзеге асырылатыны атап өтілді. Тазарту нысанының өндірістік қуаты тәулігіне 124 мың текше метрді құрайды.

Сондай-ақ Премьер-Министрдің назарына сорғы стансаларын, «Есқұла» су құбыры мен су тарту құрылыстарын реконструкциялауды қоса алғанда, барлық сумен жабдықтаудың жүйесін жаңғыртуға бағытталған ілеспе жобалар ұсынылды. Әкімдіктің ақпараты бойынша, шаруашылық және ауызсу нысандарын жаңғырту жобасы кестеден 125 күн кешіккен және жұмысшылар санының жетпеуіне байланысты жөндеу қарқыны төмен екенін атап өтілді. Мәселен, бұған дейін жария етілген 300-ден астам адамның орынына 30-ға жуық адам жұмыс істеуде. Премьер-Министр шұғыл түрде мердігерге қатысты шара қабылдауды және жобаны көрсетілген сапалық көрсеткіштеріне сай етіп мерзімінде аяқтауды тапсырды.

«Сенімді жылу және электрмен жабдықтау, сапалы ауызсу – Президенттің тіршілікті қамтамасыз ету және өңірлерді орнықты дамыту мәселелерін шешуде қойған негізгі міндеттері. Барлық инфрақұрылымдық жоба белгіленген мерзімде аяқталуы тиіс. Бұл үшін жауапкершілік әр кезеңде тиісті қадағалауды қамтамасыз етуге міндетті әкімдіктерге де, салалық мемлекеттік органдарға да жүктеледі», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Премьер-Министр, сондай-ақ «Kazakhmys Smelting» ЖШС Жезқазған мыс балқыту зауытында болып, кәсіпорын өнімдерімен танысып, өндірістік цехтарды аралады.

Жұмыс сапарының қорытындысында Олжас Бектенов барлық инфрақұрылымдық жобаларды уақтылы аяқтау, сондай-ақ реконструкциялаудың жаңа кезеңдерін қаржыландыру мәселесін пысықтау жөнінде бірқатар тапсырма берді.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

ЖАЛПЫ ҚЫЛМЫС ДЕҢГЕЙІ ТӨМЕНДЕГЕН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, әділетті әрі қауіпсіз Қазақстанды құру үшін заң мен тәртіптің үстемдігін түбегейлі орнықтыру қажет. Бұл — азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің, қоғамда тұрақтылық пен сенімді нығайтудың берік негізі. Осы орайда, еліміздің барлық өңірлерінде құқықтық мәдениетті арттыру, құқықбұзушылықтардың алдын алу және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыстар қолға алынуда.

Жуырда Жамбыл облысында «Заң және тәртіп» қағидатын жүзеге асыру аясында маңызды кездесу өтті. Жуалы ауданында ұйымдастырылған жиынға облыс әкімінің орынбасары Серік Сәлемов, облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары, полиция полковнигі Бауыржан Жанаев, облыстық әділет департаментінің басшысы Нұрғали Андасов, «Жаңару» республикалық қоғамдық бірлестігі облыстық филиалының төрағасы Қасымхан Төлендиев, облыстық қоғамдық кеңестің мүшелері мен жастар ұйымдарының жетекшілері қатысты.

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында өткен кездесуді ашқан Серік Сәлемов ел дамуы мен азаматтық қоғам қалыптастырудағы құқықтық тәрбиенің орнына тоқталды. Ол қатысушыларды заңға құрметпен қарап, құқықтық мәдениетті қалыптастыруға үлес қосуға шақырды.

Кездесуде сөз алған полиция полковнигі Бауыржан Жанаев Жамбыл облысындағы 2025 жылдың алғашқы жарты жылдығында атқарылған жұмыстар туралы баяндады. Оның айтуынша, есепті кезеңде облыс бойынша 49149 әкімшілік құқықбұзушылық тіркеліп, 1192 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Сонымен қатар, 425 азамат қылмыстық әрекеттері үшін қамауға алынып, 1237 тыйым салынған зат тәркіленіп, айналымнан шығарылған.

– Қылмыстың айтарлықтай бөлігі жастар арасында тіркеліп отыр. Дегенмен, жүргізілген кешенді алдын алу шаралары оң нәтиже беруде. Қоғамдық орындардағы құқықбұзушылықтар 20 пайызға, ал көшедегі қылмыстар 18,6 пайызға азайды. Жуалы ауданында да жалпы қылмыс деңгейі 16,4 пайызға төмендеген. Әсіресе, кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтар 50 пайызға кеміген. Бұрын сотталған азаматтардың қайта қылмысқа бару көрсеткіші 50,3 пайызға азайды, – деген Бауыржан Жанаев жастар арасындағы құқықтық мәдениетті қалыптастыру, алкоголизм мен нашақорлықтың алдын алу, интернет алаяқтықпен күресу мәселелерін де кеңінен қозғады.

Кездесу барысында аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Жеңісбек Сейітбеков те сөз алып, жастармен жүргізіліп жатқан жүйелі жұмыстар жөнінде баяндады. Ол құқықтық сауаттылық пен азаматтық жауапкершіліктің өркениетті қоғамның негізгі көрсеткіштері екенін атап өтті.

Жиын соңында облыс әкімінің орынбасары Серік Сәлемов тәртіпке бағыну парасатты тұлғаның ерікті әрі саналы таңдауы екенін айтып, қоғамда заң үстемдігін қамтамасыз етуде әр азаматтың белсенді ұстанымы мен азаматтық жауапкершілігі айрықша рөл атқаратынын жеткізді.

Г. ЖЫЛҚЫБАЕВА.
Жамбыл облысы.

СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР 66,5 МЫҢ ГЕКТАРҒА ЕНГІЗІЛДІ

Жамбыл облысында 2024 жылы су үнемдеу технологиялары 55,4 мың гектар алқапқа енгізілді. Биылғы жылы осындай технологиялармен егістіктердің жалпы алаңын 89,2 мың гектарға дейін жеткізу жоспарлануда.

Бұл мәселе облыс әкімі Ербол Қарашөкеев пен Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітовтің қатысуымен өткен кеңесте талқыланды.

— Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев су ресурстарын ұтымды және орнықты басқарудың маңыздылығына назар аударады. Бұл агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға және халықтың әл-ауқатын жақсартуға тікелей әсер ететін стратегиялық маңызды бағыттардың бірі. Біздің облыста су объектілерінің инфрақұрылымын жаңғырту және су үнемдеу технологияларын енгізу бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде. Бүгінгі таңда заманауи технологиялар 66,5 мың гектар аумаққа енгізілді, — деп атап өтті Е.Қарашөкеев.

2019 жылдан бастап облыстың 6 ауданында халықаралық қаржы ұйымдарының қолдауымен жалпы ұзындығы 608 шақырым болатын су шаруашылығы жүйелерін жаңғырту жүргізілді. Бұдан бөлек, 19 су қоймасы жөнделіп, 2 жаңа су қоймасы салынды, 1 гидробекет қалпына келтірілді. 2028 жылға дейінгі кешенді жоспарға сәйкес, 11 жаңа су қоймасын салу, 3 су қоймасын қайта жаңғырту, 312 каналға жөндеу жұмыстарын жүргізу, өзен жағалауларын нығайту, сондай-ақ су үнемдеу технологияларын кеңінен енгізу көзделуде.

Нұржан Нұржігітов өз сөзінде суды тиімді пайдалануды қамтамасыз ету, әсіресе, 2025 жылы қабылданған жаңа Су кодексінде бекітілген міндеттер мен басымдықтар аясында жергілікті атқарушы органдардың үйлестірілген жұмысын қажет ететінін атап өтті.

— Жаңа Су кодексінде азаматтар мен экономиканы су тапшылығынан және су объектілерінің ластануынан қорғау мәселелеріне ерекше назар аударылды. «Экологиялық ағын» ұғымы енгізілді. Бұл – өзен, көл, теңіздердің экожүйелерін сақтау үшін қажетті ең төменгі су деңгейі. Сондай-ақ су айналымы мен қайта пайдалануға кезең-кезеңімен көшу, гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі туралы айтылады. Су нысандарын қорғауға қойылатын талаптар кеңейтілді. Судың «қара нарығымен» тиімді күресу үшін бассейндік су инспекцияларының мемлекеттік бақылау функциялары күшейтілді. Осы және басқа да өзгерістер елдің су қауіпсіздігін нығайтуға негіз болады, — деді министр.

Ауылшаруашылығы басқармасының басшысы Қайрат Көшенов су үнемдеу саласындағы инвестициялық жобалар туралы хабардар етті. Өңірде «KAZ Каспий ГИДРО Сельхоз Технология» компаниясының зауыты «тамшылатып суару» жүйелерін (жылына 14 мың гектарға дейін) шығару бойынша табысты жұмыс істеуде. Қазіргі уақытта «жаңбырлатып суару» қондырғылары мен тамшылатып суару жүйелерін шығару бойынша тағы екі жоба іске асырылу сатысында тұр.

Басқосуда «Қазсушар» РМК Жамбыл облыстық филиалының директоры Қайрат Аманов, «Шу-Талас» бассейндік инспекциясының басшысы Талғат Ибраев баяндама жасады. ҚР СРИМ Цифрландыру департаменті директорының орынбасары Ердәулет Жұмат вегетациялық кезеңде суды пайдалануды бақылау үшін енгізілетін цифрлық құралдар туралы айтып берді. ҚР СРИМ Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитеті төрағасының орынбасары Темірлан Әбдіқұлов Жамбыл облысында суармалы суды пайдалану мониторингінің нәтижелері туралы мәлімет ұсынды.

Кеңес қорытындысы бойынша су шаруашылығы инфрақұрылымын жаңғырту, су үнемдеу технологияларын уақтылы және тиімді енгізуді қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жандандыру жөнінде міндеттер жүктелді. Жаңа Су кодексінің ережелерін іске асыруға ерекше назар аудару тапсырылды.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ҚАРАСОРА – 2025

ЕСІРТКІМЕН КҮРЕСТЕ НАҚТЫ НӘТИЖЕЛЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛДІ

Жетісу облысында «Қарасора – 2025» жедел-профилактикалық шарасы аясында есірткіге қатысты нақты нәтижелерге қол жеткізілді. Бұл туралы Журналистер үйінде өткен баспасөз жиынында облыстық полиция департаментінің басшылығы мәлімдеді.

Облыстық полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары, полиция полковнигі Ельдар Әбдікеновтің айтуынша, бір айдың ішінде өңірде 27 есірткі құқықбұзушылығы тіркелген. Оның 16-сы қылмыстық іс ретінде рәсімделіп, 11 теріс қылық әшкереленген. Нәтижесінде заңсыз айналымнан 25 келіден астам өсімдік тектес есірткі заттары тәркіленді. Көптеген аймақта жабайы өсетін есірткі шөптері жойылып, удың тамыры қопарылды.

– Заңсыз айналыммен күрес күшейіп келеді. Жыл басынан бері есірткіге қатысты 90-нан астам қылмыс тіркеліп, өткен жылмен салыстырғанда көрсеткіштің өскені байқалады. Бұл бір жағынан көлеңкелі нарықтың белсенділігін, екінші жағынан құқық қорғау органдарының бақылауды күшейткенін білдіреді, – деді Ельдар Әбдікенов.

Іс-шара барысында 100-ден астам полиция қызметкері, арнайы техника мен мобильді топтар іске қосылды. Облыс әкімдігінің қолдауымен әуеден бақылау жүргізіліп, кейбір аудандарда тәулік бойы жұмыс істейтін стационарлық бақылау бекеттері орнатылды.

Цифрлық кеңістіктегі заңсыз сауда да назардан тыс қалмады. Интернет пен мессенджерлерде таралған есірткі жарнамасы мен сатылымы анықталып, бұғаттау жұмыстары жүргізілді. Заңсыз қызметпен байланысты бірнеше банк шоттары тоқтатылды.

Облыстық полиция департаменті есірткі қылмысына қарсы басқармасының басшысы Нұржан Сейсенбеков атап өткендей, 26 мамыр мен 26 маусым аралығында өңірде 114 профилактикалық іс-шара ұйымдастырылған. Оның ішінде 7 акция, 10 семинар, 26 лекция, мектептер мен колледждерде өткен кездесулер, «дөңгелек үстелдер», сурет көрмелері, спорттық жарыстар өткізілді.

— «Есірткісіз әлем» атты балалар көрмесі, дебат турнирлері, туристік жорықтар мен полиция музейлеріне экскурсиялар жастардың есірткі туралы көзқарасын өзгертуге бағытталды. Біз бұл дерттің алдын алуға, түсіндіру мен тәрбиелеуге баса мән берудеміз,– деді Нұржан Сейсенбеков.

Мамандардың айтуынша, есірткіге қарсы күрес тек құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндетіне айналуы тиіс. Қауіпті синтетикалық және өсімдік тектес уға қарсы ұлттық иммунитет қалыптастырмай, бұл дерттің алдын алу қиын.

Г. НАУРЫЗБАЕВА.
Жетісу облысы.

ҚОҒАМ ЖӘНЕ ДІН

ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ – ТҰРАҚТЫ ҚОҒАМНЫҢ ТІРЕГІ

Қазіргі алмағайып заманда әр мемлекеттің дін саласындағы саясатын тиімді жүргізуі – ел тыныштығының тұрақты кепілі. Дін мен мемлекет заңды тұрғыдан бөлінгенімен, елімізде өмір сүріп жатқан азаматтар діни ғұрыптарын еркін өтеуде. Мемлекетіміздің дін саласындағы саясаты дегеніміз Кеңес үкіметіндегі дінсіздендіру режимі емес, керісінше неше түрлі діни сенімдер мен ғибдат ерекшеліктеріне қарамастан толеранттылықты сақтап татулықта, келісімде өмір сүруін нығайту болмақ.

Кез келген мемлекеттің өткеніне, бүгініне үңілсек, діннің өзекті мәселе екенін көруге болады. Оған себеп те жоқ емес. Мәселен, 2019 жылдың 15 наурызында мұсылмандар үшін қасиетті саналатын жұма күні Жаңа Зеландияның Крайстчерч қаласында теракт болып, 49 адам қаза тауып, тағы сонша тұрғын жарақат алғанына бүкіл әлем куә болды. Сондай-ақ 2014-2015 жылдары Сирияда мұсылмандар мұсылмандарға қарсы соғысты. Осындай қайғылы жағдайды болдырмас үшін қазақ қоғамында радикалдық идеяны азайту мақсатында толеранттылық идеяны көп дәріптеу керек.

Ал, толеранттылық дегеніміз – сыпайылық, ең алдымен адамның әмбебап құқықтары мен негізгі бостандықтарын тану, адам құқықтарын құрметтеу негізінде қалыптасатын белсенді қарым-қатынас. Бұл әлеуметтік әділетсіздікке, өздерінен бас тарту немесе басқа адамдардың наным-сенімдеріне жол бермеу деген көзқарасты білдірмейді. Толеранттылық түсінігіне қазақтың сабырлылық ұғымы дәл келеді деп ойлаймын. Қазақ «Сабыр түбі – сары алтын» дейді. Ұлттық толеранттылық біздің тарихи-мәдени кеңістігімізде қоғамды топтастыратын белгілі фактор болып отыр. Екінші жағынан, толеранттылық барлық мәселені шешіп тастайды деуге тағы болмайды. Бұл конфессияаралық және этносаралық қатынастарды, саяси тұрақтылықты реттеудің маңызды факторы. Конфессияаралық және этносаралық түсіністік жағдайында бір мемлекетте әртүрлі нанымдардың, мәдениеттердің қатар өмір сүруі бүгінгі жас ұрпақтың өмірлік қағидаты болуы тиіс. Конфессияаралық және этносаралық түсіністікке қол жеткізу үшін негізгі қағидат жастар ортасында толеранттылыққа тәрбиелеу болып табылады.

Себебі, елімізде заңды тіркеуден өткен 18 конфессияның діни сенімін кемсітуіне жол берілмеуін ескеру жөн болады. Себебі, әр конфессияның артында әлемде миллиондаған жақтаушысы кездеседі. Әр жақтаушы азаматтың діни сенімі өзі үшін қасиетті болып саналғандықтан, осындай нәзік мәселені ескере отырып, діни алауыздықты тудырмас үшін жалпы адамзаттық құндылықтарды насихаттаған елдің бірлігі мен татулығы үшін жемісті болмақ.

Толеранттылық қағидатын жеткізу мақсатында дінтанушы, теолог мамандар, Қазақстан ассамблеясындағы әртүрлі этнос өкілдері және үкіметтік емес ұйым мүшелері тарапынан жастарға, оқушыларға, жұмыссыздарға және шетелден оралған қандастарға әртүрлі форматта кездесулер өткізіп, толеранттылықтың ең басты қазынасы дініне, ұлтына, нәсіліне қарамастан бір-бірін сыйластық пен құрметтеу керек екенін түсіндіру қажет.

Жеке адам түзелсе, қоғамда түзеледі. Бұл дегеніміз елімізде тұрып жатқан жүз отыздан аса этнос өкілінің өздеріне тән болмысын сақтап, татулықта өмір сүру деген сөз. Төле би бабамыздың әкесі Әнет баба Кішіқұлы айтпақшы: «Бақ қайда барасың, ынтымаққа барамын» дегендей ынтымағымыз жарасу үшін толеранттылық пен бейбітшілікті қоғамның санасына орнықтыру қажет.

Е. ЖАҚЫПОВ,
Жамбыл облысы әкімдігі дін проблемаларын зерттеу орталығының бөлім басшысы.

ДІНИ САУАТ

БЕРЕКЕ-БІРЛІК НЕГІЗІ

Қазақ халқының мәдениетіне көз жүгіртсек, оның ішкі мәні Ислам дінінің құндылықтарымен қалыптасқан. Ол құндылықтар бізге ата-бабамыздан дәстүр сабақтастығы арқылы жеткен. Өз кезегінде осы үрдісті келешек ұрпаққа аманат ретінде жеткізу – біздің мұсылмандық парызымыз.

Ислам діні ешқашан басқа сенімдерге немесе қоғамның құндылықтары мен дәстүрлеріне қарсы шыққан емес. Қазақ халқы дінді мәдениетпен, халықтың философиясымен табиғи байланысы бар әмбебап ілім ретінде қабылдады. Сондықтан біздің әдет-ғұрпымыз әрдайым ізгілікке шақырады.

Мысалы, ақсақалдарымыз жастарға әрдайым ақ жол тілеп, батасын береді. Жастарымыз үлкеннің алдын кесіп өтпейді, құрметін көрсетеді, ешкімнің ала жібін аттамайды. Мұның бәрі дәстүрлі ислам құндылықтарымен тығыз үндеседі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өскелең ұрпақтың рухани тәрбиесіне ерекше көңіл бөлу қажет екенін үнемі айтып келеді. Бұл туралы Президент: «...Жұрттың діни сауатын арттыру керек. Азаматтарымыз шынайы исламның құндылықтарын білуге тиіс. Сол құндылықтарды халық арасында түсіндіріп, дәріптеу қажет. Әсіресе, өскелең ұрпақтың рухани тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген жөн. Көзі ашық, көкірегі ояу, білімді, санасы сергек ұрпақ қана ұлтқа адал қызмет етеді», – деген еді.

Еліміздегі Ислам дінін насихаттауда көптеген методологиялық қайшылықтар болғандықтан, көпшілік арасында дінді түсіну қиынға соғуда. Ата-баба жолынан ауытқып, өз тарихы мен мәдениетін теріс етіп көрсету, әсіресе жастар арасында кең етек алып жатыр.

Жастардың деструктивті діни ағымдардың ықпалында болуының негізгі үш себебін айтуға болады. Біріншісі – жалпы қоғамда діни сауаттылықтың әлсіз болуы. Екіншісі – жат пиғылдылардың жағдайы төмен отбасыларды материалдық тұрғыдан қамтамасыз етеміз деген уәде арқылы өз қатарларына тартып жатқаны. Үшіншісі – шетелдік діни уағызшылардың, әсіресе интернет желісінде өз қызметтерін жоғары деңгейде жүргізуі.

Бұл діни ағымдардың астарында еліміздің тыныштығын бұзу, дінаралық алауыздық тудыру сияқты саясиланған мүдде жатқаны жасырын емес. Қазіргі кезде дін үйренудегі бір қиыншылық – діннің бұрмаланып жеткізілуінде. Ғылымда дәлелсіз ешбір қағида қабылданбайтынын ғалымдар жақсы білгенімен, бұл принципті дін саласында ұстана алмай келеді. Ал, шындығында діннің ең күрделі, көлемді, қажетті ілім екені даусыз.

Әзірет Пайғамбар өзінің өсиетінде: «Алла Тағала адамдардан олардың білімін тартып алмайды, білім ғалымдардың дүние салуымен жоқ болып кетуі мүмкін. Надандықтың ой-пікірі қалады. Білімі жоқ бола тұра пәтуа береді, солайша өздері де адасады, біреулерді де адастырады», деген.

Дәстүрлі ислам – халқымыздың ұлттық бірегейлігін танытатын басты құндылықтың бірі. Біз оны берік ұстану арқылы экстремизмге және кертартпалыққа қарсы тұра аламыз.

Егер қазіргі жастар ғылымға, білімге жақын болса, сонда біздің қоғамда даму болады. Қазақтың ұлт болып өркениетті ел қатарлы өмір сүруі үшін ең алдымен халықтың сана-сезімін оятатын жағдай тудыру керек, қазақтың ұлттық тілін, әдебиетін өрістету керек. Өнер-білім керек, онан да керегірегі – тәрбие.

Б. АЛПЫСБАЕВ,
дінтанушы.
Жамбыл облысы.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС

АЛДЫН АЛУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ТЕТІГІ

Сыбайлас жемқорлық – ел дамуына кедергі келтіретін, халықтың мемлекетке деген сенімін төмендететін аса қауіпті әлеуметтік құбылыс. Осыған орай, мемлекет тарапынан жемқорлыққа қарсы күрес жүйелі түрде жүргізіліп келеді.

Аудан әкімдігі жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне жол бермеу мақсатында тиісті шараларды тұрақты түрде жүзеге асырып келеді. Атап айтқанда, бөлім қызметкерлерінің арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру, ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бағытында бірқатар жұмыстар қолға алынған.

Бөлімде азаматтардың өтініштері мен ұсыныстарын уақтылы әрі әділ қарау, қызмет алушылармен тікелей байланыссыз электронды қызметтер үлесін арттыру, сондай-ақ қызметкерлердің этикалық нормаларды сақтауы – басты назарда. Бұдан бөлек, жыл сайын індеттің алдын алу жөнінде ішкі түсіндіру жұмыстары, семинарлар мен «дөңгелек үстел» отырыстары ұйымдастырылып келеді.

Мекеме ішіндегі тәртіп пен заңдылықты сақтау мақсатында арнайы бақылау шаралары жолға қойылған. Мемлекеттік қызметшілердің жеке жауапкершілігін арттыру, оларды үнемі кәсіби біліктілігін жетілдіруге ынталандыру – аталмыш кселдің алдын алудың маңызды тетігі.

Жалпы, бұл бағыт ағы жұмыстар аудан тұрғындарының мемлекеттік қызметке деген сенімін арттыруға ықпал етуде. Қоғам болып бірігіп, адалдық пен әділдік қағидаларын ұстансақ, жемқорлықсыз болашаққа қадам басуымызға толық негіз бар.

С. ҚҰРАПБЕРГЕНОВ,
Жамбыл ауданы әкімдігі жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің маманы.
Жамбыл облысы.

ҚҰҚЫҚ ТӘРТІБІ

БЕЙНЕБАҚЫЛАУ – ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

Жамбыл облысында қоғамдық тәртіпті сақтау және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Бейнебақылау» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілді. Іс-шараға 315 полиция қызметкері мен 146 қызметтік автокөлік, соның ішінде 20 патрульдік полиция көлігі жұмылдырылды.

Бес күнге созылған рейд барысында облыс аумағындағы бейнебақылау жүйелерінің жай-күйі тексеріліп, олардың тиімділігіне баға берілді. Анықталған мәліметтерге сәйкес, көпқабатты тұрғын үйлерде – 1013, жеке тұрғын үйлерде 18575 бейнебақылау камерасы орнатылған. Бұдан бөлек, кәсіпкерлік нысандарда – 4191, тойхана мен кафе-барларда 2004 бейнекамера тіркелді.

Камералар көмегімен анықталған құқықбұзушылықтардың қатарына: 4 жағдайда кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын-сауық орындарында болуы; 7 дерек бойынша оларға темекі өнімдерінің сатылуы; 6 жағдайда алкоголь өнімдерін өткізу тәртібінің бұзылуы; 61 дерек – қоғамдық орындарды ластау; 113 жағдайда – қоғамдық орында мас күйде болу; 358 құқықбұзушылық – абаттандыру ережелері мен жасыл желектерді бүлдіру фактілері жатады. Жалпы, барлығы 597 әкімшілік құқықбұзушылық анықталды. Сонымен қатар, кәсіпкерлік нысандардан 19 шақырту тіркеліп, тиісті процестік шешімдер қабылданды.

Профилактикалық шаралар нәтижесінде құқықбұзушылықтарға себеп болатын жағдайларды жою мақсатында жергілікті атқарушы органдар мен жауапты мекемелерге 22 ұсыныс жолданды.

Іс-шара облыста бейнебақылау жүйелерінің құқықбұзушылықтардың алдын алу мен ашылуына қосып жатқан үлесін нақты көрсетті.

Жамбыл облысы Полиция департаменті тұрғындарды қоғамдық тәртіпті сақтауға, құқықбұзушылықтың алдын алуға белсенді атсалысуға шақырады.

Г. ЖЫЛҚЫБАЕВА.
Жамбыл облысы.

ӘР АЗАМАТТЫҢ ЕЛ АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Сыбайлас жемқорлық – қоғам дамуына елеулі зиянын тигізетін, ел болашағына балта шабатын қауіпті әлеуметтік дерт. Ол тек заң бұзушылық емес, адамгершілік пен әділеттілік қағидаттарына қайшы келетін, елдің экономикасы мен саяси тұрақтылығын тежейтін күрделі мәселе.

Мемлекетіміз бұл мәселеге ерекше көңіл бөліп келеді. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы аясында түрлі реформалар жүзеге асуда. Сонымен қатар, Әдеп кодексі, мемлекеттік қызметтегі ашықтықты қамтамасыз ету, халықпен кері байланыс орнату – барлығы осы бағыттағы нақты қадамдар.

Бүгінгі қоғамда сыбайлас жемқорлықпен күресу тек мемлекеттік органдардың ғана емес, әрбір азаматтың, әрбір отбасының міндетіне айналуы қажет. Бұл – баршамызға ортақ іс. Әсіресе, жас ұрпаққа адалдық пен әділеттілік құндылықтарын сіңіру – басты міндет. Осы мақсатта елімізде «Адал ұрпақ», «Саналы ұрпақ», «Парасат жолы» сынды жобалар жүзеге асырылуда.

Бостандық ауылдық округінде де жастар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, түрлі ақпараттық кездесулер мен бейнеүндеулер ұйымдастырылып келеді. Ауыл тұрғындары арасында адалдық, әділеттілік, жауапкершілік сияқты құндылықтарды насихаттау – басты бағыттардың бірі.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – әр азаматтың ел алдындағы жауапкершілігі. Егер әрқайсымыз адалдықты ұстанып, заңды құрметтесек, жемқорлықсыз, әділетті қоғам құруымыз әбден мүмкін.

Болашақ – адал ұрпақтың қолында!

А. ҚОЖАН,
Бостандық ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.
Жамбыл облысы.

ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

АЛМАТЫДА ЖАЛПЫҚАЛАЛЫҚ СЕНБІЛІК ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Алматы қаласында республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында кезекті жалпықалалық сенбілік ұйымдастырылды. Бұл жолы мегаполистің барлық аудандарын қамтыған тазалық шарасына 4600-ге жуық тұрғын мен қызметкер қатысып, 1475 текше метр қоқыс шығарылды.

Акцияға мердігер ұйымдардың қызметкерлері, мемлекеттік және жекеменшік мекемелер өкілдері, еріктілер, қоғам белсенділері мен қала тұрғындары қатысты. Сенбілік барысында көшелер, тротуарлар, арық жүйелері тазартылып, қураған ағаштар кесілді, жасыл желектер күтіп-бапталды. Иесіз және қараусыз қалған аймақтар да назардан тыс қалған жоқ.

Жетісу ауданының әкімі Ляззат Жылқыбаева тазалық жұмыстарының жүйелі түрде ұйымдастырылып жатқанын атап өтті.

– Біз тұрғындармен бірге жоспар құрамыз. Мәселен, Есентай өзені жағалауындағы сенбілікке 2000-нан астам адам қатысты. Бұл жолы Жансүгіров, Бөкейханов, Райымбек, Рысқұлов көшелері мен Екінші Гончарная көшесінде қалдықтар тазартылды. Бұл аумақтарда 20–40 жыл бойы жиналып қалған қоқысты шығарудамыз. Ең маңыздысы– бұл бастаманы тұрғындардың өздері көтеріп, нақты күнді де өздері белгілеуде. Бұл – азаматтық белсенділіктің көрінісі, – деді ол.

Әуезов ауданындағы негізгі тазалық жұмыстары «Жетісу-3» шағынауданында өтті. Мұнда аудандық жастар комьюнити-орталығының еріктілері белсенділік танытты. Жоба менеджері Айша Балдырғанның айтуынша, мұндай іс-шаралар жастар арасында азаматтық жауапкершілікті арттырады:

– Қаланың экологиялық ахуалына бейжай қарамайтын жастарымыз көп. Олар мұндай сенбіліктерге шын ықыласпен қатысып, өзгелерге үлгі көрсетіп жүр. Бұл тек тазалықты қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар, табиғатқа деген құрмет пен ортақ іске жанашыр болуға шақыратын мәдениет қалыптастыру, – дейді ол.

Жалпы, қаланың барлық ауданында сенбілік жоғары деңгейде өтіп, тазалықпен қатар тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Н. ҒАЛЫМ.
Алматы қаласы.

ҚАУІПСІЗДІК

САЛДАРЫМЕН КҮРЕСКЕННЕН, АЛДЫН АЛУ ӘЛДЕҚАЙДА ТИІМДІ

Жазғы демалыс — мектеп оқушылары үшін сергектікке толы, қуаныш пен әсер сыйлайтын кезең. Алайда, дәл осы уақытта балалар мен жасөспірімдердің түрлі қауіп-қатерге тап болу қаупі де артады. Бұл кезеңде құқықбұзушылықтың құрбаны немесе қатысушысы болу ықтималдығы жоғарылай түседі. Осыған байланысты Жамбыл облысының полицейлері жаз мезгілінде жүйелі түрде профилактикалық шаралар ұйымдастыруда.

Облыстық Полиция департаментінің мәліметінше, жаз басталғалы бері кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторлар мектеп жанындағы, қала сыртындағы лагерьлер мен сауықтыру орталықтарына, спорт секцияларына арнайы барып, балалармен және жасөспірімдермен түрлі форматтағы кездесулер өткізуде. Профилактикалық іс-шаралар барысында интерактивті дәрістер, әңгімелер және тренингтер ұйымдастырылып, балаларға құқықтық жауапкершілік, қоғамдық орындарда, жолда, су жағасында және интернетте өзін қауіпсіз ұстау ережелері түсіндіріледі. Тәртіп сақшылары әсіресе буллинг, зорлық-зомбылық, зиянды әдеттер мен тәуелділіктің алдын алу тақырыптарына ерекше назар аударып отыр. Балалар мен жасөспірімдерге өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарау, айналасындағыларға құрметпен қарым-қатынас жасау қажеттігі де ескертілуде.

Сондай-ақ жеке қозғалыс құралдарын — велосипед, самокат, скейт және тағы басқаны қолдану кезінде жол қозғалысы ережелерін сақтау мәселесі де назарда. Инспекторлар балаларға көрнекі мысалдар арқылы қозғалыс кезінде сақтықтың маңызын түсіндіріп, апаттың алдын алу жолдарын көрсетуде.

Профилактикалық жұмыс тек балалармен шектелмейді. Полиция қызметкерлері ата-аналармен, тәрбиешілермен және тәлімгерлермен де кездесулер ұйымдастырып, оларға балалардың мінез-құлқындағы күмәнді белгілерді анықтау жолдары, қауіпсіздік шаралары және төтенше жағдайлар кезінде әрекет ету тәртібі жөнінде кеңестер беруде.

Полиция қызметкерлерінің айтуынша, балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ең тиімді жол— жүйелі түрде алдын алу жұмыстарын жүргізу. Өйткені, қандай да бір құқықбұзушылықтың немесе төтенше оқиғаның салдарымен күрескеннен гөрі, оны болдырмау әлдеқайда тиімді әрі нәтижелі.

«ST» АҚПАРАТ.

МАМАН КЕҢЕСІ

ТЕМЕКІНІҢ АДАМ АҒЗАСЫНА ЗИЯНЫ

Көп адам темекі шегудің денсаулыққа қауіпті екенімен келіседі, бірақ зияны оларға күнделікті өмірден бөлек болып көрінеді. Оның зардабын ауырғанда және сол мәселемен жалғыз қалғанда ғана білуге болады.

Темекі түтінінде 200-дей әртүрлі заттар бар, шамамен 100-і адам ағзасына кері әсер тигізеді. Табактың ең улы компоненті- никотин, ол орталық жүйке жүйесін бұзады. Адамға бар болғаны 0,06-0,08 грамм дозасы (20-25 тал темекіні жылдам тартқанда ағзаға түседі) өлімге апаруға жеткілікті. Никотин – қан тамырларының тарылуын тудырады. Ал, ол миокард инфарктісінің, инсульттің және сал болып қалудың немесе өлімнің себебі болуы мүмкін.

Темекіні ұзақ уақыт шегетін адамдар темекі шекпейтіндермен салыстырғанда стенокардиямен 13 есе, асқазанның жара ауруымен 10 есе және ішектің ауруымен 12 есе көп зардап шегеді. Өкпенің ісік ауруы темекі шекпейтіндерге қарағанда темекі шегетіндер арасында 20 есе жиі байқалады. Бұл табак құрамында аз мөлшерде болса да радиоактивті заттардың бар екенімен байланысты.

Ісікті шақыратын агрессивті заттардың тізімінде бірінші болып бензапирен тұр. Ол темекі түтінінде де кездеседі. Егер қоян құлағының терісін бензапиренмен сүртсе, 100 пайыз тері ісігі пайда болады. Тек бір ғана тал темекіні шеккен кезде 2 литр табак түтіні құралады, оның әр текше сантиметрінде ыстың (сажи) 6 мың бөлшегі болады. Сөйтіп, темекі шегетін адамның өкпесіне табак қағы жиналады.

Егер темекіні тастасаңыз:

- 24 сағаттан кейін жүрек талмасы қаупі азаяды.
- 2 күннен кейін дәм мен иіс сезу жағдайы әдеттегі адамдармен теңеседі.
- 3 күннен кейін тыныс алу қалыпты жағдайға жетеді.
- 3 айдан кейін өкпе әдеттегіден 30 пайыз артық жұмыс жасайды.
- 1 жылдан кейін жүрек ауруы қаупі 50 пайызға азаяды.
- 10 жылдан кейін өкпе рагіне шалдығу қаупі темекі шекпейтін адамдармен теңеседі.
- 15 жылдан кейін жүрек пен қан қысымы ешқашан темекі шекпеген адамдармен бірдей болады.

Темекі шегудің зиянды ғы туралы ескерту аргументін көптеп келтіруге болады, таңдау өзіңізде! Темекі тартудан бас тартып, өз денсаулықтарыңызды сақтаңыздар!

М. САДУАҚАСОВ,
Тараз қалалық №4 емхананың терапевт дәрігері.
Жамбыл облысы.

ҚҰРМЕТТІ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР!

«Тараз қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ 2024 жылға көлік құралдарына салық төлеу мерзімі 01.04.2025 жылы аяқталғанын хабарлайды. Сонымен қатар, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 494-бабының 3-тармағына сәйкес есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 1 сәуіріне дейін жеке тұлғалар үшін бюджетке салық төлеу мерзімі болып табылады.

Аталған баптың 4-тармағына сәйкес, жеке тұлғалар салық төлеуді тұрғылықты жері бойынша жүргізеді.

Осыған орай, жеке тұлғалар салықтарды екінші деңгейдегі банктердің бөлімшелерінде немесе банкоматтар мен төлем терминалындағы банк карталары арқылы төлем жүргізе алады және де «Е-Салық Азамат» мобильді қосымшасы арқылы да төлеуге болады. «Е-Салық Азамат» мобильді қосымшаға кіру үшін жеке деректердің қауіпсіздігін сақтау мақсатында, азаматтың ұялы телефон нөмірі «мобильді азаматтар базасында» (ХҚКО) тіркелу қажет.

Сондай-ақ алдағы төлемдерді МКК порталынан басқа «Е-гов» порталында банктердің мобильдік қосымшаларында көруге болады.

Салық төлеуші салықты белгіленген мерзімде салық міндеттемесін орындамаған жағдайда ҚР Салық кодексінің 114-бабының 2-тармағында хабарлама салық төлеушіге жеке тұлғалардың салықтық берешегі туралы – салықтық берешек түзілген күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірілмей мерзімдерде жіберіледі.

ҚР Салық кодексінің 128-бабына сәйкес жеке тұлғалардың салықтық берешегі туралы хабарлама табыс етілген күннен бастап отыз жұмыс күні өткен соң төлемеген немесе толық төлемеген жағдайларда, мемлекеттік кірістер басқармалары уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша жеке тұлғаның берешегін өндіріп алу туралы салық бұйрығын шығарады және оны шығарған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей жеке тұлғаға жібереді.

Салық төлеуші салық бұйрығын белгіленген мерзімде орындамаған жағдайда мәжбүрлеп өндіру үшін Жамбыл облысы жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына автоматты түрде жолданады.

Өз кезегінде бұл жағдайлар:

- Атқарушылық санкция төлеу
- ҚР шегінен шығуға шектеу
- Банк шоттарына шектеу
- Банк шоттарын ашудан бас тарту
- Жүргізуші куәлігін тоқтата тұруға әкеліп соғады.

Осыған байланысты салықтар бойынша берешекті қысқа мерзімде өтеуді ұсынамыз. Өзіңіздің салық берешегіңіз туралы мәліметті ҚР Қаржы министрлігі мемлекеттік кірістер комитетінің ресми порталы «kgd.gov.kz» және мобильді «e-Salyq Azamat» қосымшасы арқылы білуге мүмкіндігіңіз бар.

ТАРАЗ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ.

УВАЖАЕМЫЕ НАЛОГОПЛАТЕЛЬЩИКИ!

РГУ «Управление государственных доходов по г.Тараз» сообщает, что 01.04.2025 года истек срок уплаты налога на транспортные средства с физических лиц за 2024 год. В случае несвоевременной уплаты налога в срок будут выноситься налоговые приказы по взысканию налоговой задолженности и передаваться на исполнение частным судебным исполнителям. В свою очередь данные обстоятельства влекут за собой:

- уплату исполнительной санкции
- ограничение на выезд за пределы РК
- ограничение на банковские счета
- отказ в открытии банковских счетов
- приостановление водительских удостоверений

В этой связи настоятельно рекомендуем погасить задолженность по налогам в кратчайшие сроки. Информацию о налоговой задолженности Вы можете узнать через официальный интернет-ресурс Комитета Государственных Доходов Министерства Финансов Республики Казахстан «kgd.gov.kz», веб-портал Электронного Правительства Республики Казахстан «egov.kz» или с помощью мобильного приложения «e-Salyq Azamat».

УПРАВЛЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ДОХОДОВ ПО ГОРОДУ ТАРАЗ.

Ашутасты ауылында "Арқалық жылу – энергетикалық компаниясы" МКК-ның өтінімі бойынша жария тыңдау өтеді

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті магистральдық құбырлары және тарату желілері бойынша су беру жөніндегі қызметтерге «Аркалык жылу энергетикалық компаниясы» МКК-ның тарифтер жобасын талқылау бойынша жария тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария тыңдау **2025 жылғы 22 шілді сағат 10.00**- Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Каирбеков көшесі 25, 3 қабат, акт залы.

Анықтама телефондары: **8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.**

В селе Ашутасты пройдет публичное слушание по заявке ГКП "Аркалыкская ТЭК"

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Костанайской области сообщает о проведении публичного слушания по обсуждению проекта тарифа ГКП «Аркалыкская теплоэнергетическая компания» на услуги по подаче воды по магистральным трубопроводам и распределительным сетям.

1) Публичное слушание состоится **22 июля 2025 года в 10.00** часов по адресу Костанайская область, г.Аркалык, ул.Каирбекова, 25, , 3 этаж ,актовый зал;

Справки по телефонам: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76

Денисовка а. «Дидар» МКК-нің өтінімі бойынша жария тыңдау өтеді

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті жылу энергиясын өндіру,беру,бөлу және өткізу жөніндегі қызметтерге «Дидар » МКК -нің тариф жобасын талқылау бойынша жария тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария тыңдау **2025 жылдың 22 шілді сағат 11.00-де** Қостанай облысы, Денисовка ауылы, Калинин көшесі 88, «Дидар» МКК мекенжайы бойынша өтеді.

Анықтама телефондары: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

В с. Денисовка пройдет публичное слушание по заявке ГКП «Дидар»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Костанайской области сообщает о проведении публичного слушания по обсуждению проекта тарифа ГКП «Дидар» на услуги по про изводству,передаче,распределению и реализации тепловой энергии.

Публичное слушание состоится **22 июля 2025 года в 11.00** часов по адресу: Костанайская область, с.Денисовка, улица Калинина 88, здание ГКП «Дидар».

Справки по телефонам: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

Молодежный ауылында "Арқалық жылу – энергетикалық компаниясы" МКК-ның өтінімі бойынша жария тыңдау өтеді

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті магистральдық құбырлары және тарату желілері бойынша су беру жөніндегі қызметтерге «Аркалык жылу энергетикалық компаниясы» МКК-ның тарифтер жобасын талқылау бойынша жария тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария тыңдау **2025 жылғы 23 шілдеде сағат 11.00-де** Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Каирбеков көшесі 25, 3 қабат, акт залы.

Анықтама телефондары: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

В поселке Молодежный пройдет публичное слушание по заявке ГКП "Аркалыкская ТЭК"

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Костанайской области сообщает о проведении публичного слушания по обсуждению проекта тарифа ГКП «Аркалыкская теплоэнергетическая компания» на услуги по подаче воды по магистральным трубопроводам и распределительным сетям.

Публичное слушание состоится **23 июля 2025 года в 11.00 часов** по адресу: Костанайская область, город Аркалык, улица Каирбекова 25, 3 этаж, актовый зал.

Справки по телефонам: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

SALYQ TÁRTIBI
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

БАС РЕДАКТОР
Ғалым ҚАСАБАЙ

МЕНШІК ИЕСІ: «САЛЫҚ ТӘРТІБІ» газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 20 желтоқсанда қайта тіркеліп, №17405-Г куәлігі берілген.

Индекс 65604

Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасына сай келе бермеуі мүмкін. Қолжазбаға пікір айтылмайды және авторға қайтарылмайды.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ТАРАЙДЫ

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б», тел.: 8 /7262/ 45-34-52, факс: 43-56-97

e-mail: saltar61@mail.ru
Электрондық сайтымыз: www.salyq-gazet.kz
Басылым аптасына 3 рет шығады.
Таралымы 17 357
Апталық таралымы 52 071

ГАЗЕТ «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-нің баспаханасында теріліп, басылды
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б»

Тапсырыс 457